

**"Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы аудандық бюджетінің қаражаты есебінен қамтылған аудан әкімінің аппаратының, ауылдық округ әкімдері аппараттарының, Булаев қаласы әкімінің аппаратының және ауданның атқарушы органдарының қызметтік куәлігін беру тәртібін және оның сипаттамасын бекіту туралы " Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 20 қаңтардағы № 11 қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 5 маусымдағы № 117 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 9 маусымда № 6340 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы аудандық бюджетінің қаражаты есебінен қамтылған аудан әкімінің аппаратының, ауылдық округ әкімдері аппараттарының, Булаев қаласы әкімінің аппаратының және ауданның атқарушы органдарының қызметтік куәлігін беру тәртібін және оның сипаттамасын бекіту туралы " Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 20 қаңтардағы № 11 қаулысының (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде 2017 жылғы 27 ақпанда жарияланды, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4058 болып тіркелді) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*К. Омаров*